

Арзықұлов А.А.

**ҚХР билігінің
«бесінші буыны»**

Бұл мақалада 2012 жылдың қараша айында өткен, Қытай Коммунистік Партиясының XVIII съезінен бастап билік басына келген Қытай басшыларының «бесінші буын» өкілдері қарастырылады. Одан бергі өткен аз уақыт ішінде бұл басшылықтың толыққанды бағыт-бағдары айқындалмаса да, қазірдің өзінде олардың ел ішіндегі келелі мәселелерді шешуге бел шешіп кірісіп кеткендігін байқаймыз. Қазіргі Қытай қоғамында орын алып отырған елеулі қиындықтарды, қордаланған мәселелерді еңсере білген жағдайда бұл буынның халық алдындағы, партия алдындағы және тарих алдындағы салмағы арта түспек. Және де көзделіп отырған «қытайлық арманға» жету үшін де көп тер төгуге тура келері сөзсіз.

Түйін сөздер: «бесінші буын», «Ху-Вэнь», XVIII съезд, «қытай арманы».

Arzykulov A.A.

**«The fifth generation»
of heads of the
People's Republic of China**

In this article the XVIII congress of a Communist party of China and coming to power of «the fifth generation» of the Chinese heads is considered. Many complex challenges face the new management and from the solution of these problems the future of the country can depend. First stage, of course achievements of «the Chinese dream».

Key words: «the fifth generation», «Hu-Wen», XVIII congress, «the Chinese dream».

Арзықұлов А.А.

**«Пятое поколение»
руководителей КНР**

В данной статье рассматривается XVIII съезд КПК и приход к власти «пятого поколения» китайских руководителей. Очень много сложных задач стоит перед новым руководством и от решение этих проблем может зависеть будущее страны. Первую очередь, конечно достижения «китайской мечты».

Ключевые слова: «пятое поколение», «Ху-Вэнь», XVIII съезд, «китайская мечта».

**ҚХР БИЛІГІНІҢ
«БЕСІНШІ БУЫНЫ»**

Бүгінде Қытай әлемдік қауымдастықты өзінің экономикалық жетістіктерімен таңғалдыруда, ол ең жоғарғы өсу қарқынын көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге әлемдік экономикалық қиыншылықтарды өз пайдасына жарата білуде. Бұл жетістіктер көбінесе «төртінші ұрпақ» өкілдерінің жүргізген саясатына байланысты, олар елді әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа жолына салып қана қоймай, сондай-ақ халыққа жаңа қызғылықты ұлттық идея ұсынып жұмылдыра білді. Дегенмен реформаларды жүзеге асыру барысында көптеген қиындықтардың бар екендігін де Қытайда ешкім жасырып отырған жоқ. Кейбір қиындықтар реформалар нәтижесінде де пайда болды. Осы жағдайды мойындай білу әлеуметтік-экономикалық даму үлгісін өзгертуді және «экономикалық тиімділік бойынша біржақты ұмтылыс» көрсеткіштерінен «орташа ауқаттылық қоғамын жан-жақты құруға» (*цюаньмянь цзяньшэ сяокан шэхуй*) өтуді талап етті. Жаңа үлгінің: «адам-барлығының негізі» және «экономика мен қоғамның сәйкестендіріліп дамуы» секілді басты қағидалары экономиканың, саясаттың, әлеуметтік саланың, қоршаған ортаның бірлесіп дамуын, сондай-ақ адамның жан-жақты дамуын талап етеді. «Төртінші ұрпақ» басшыларының ұсынған және ҚКП-ның XVIII съезінде олардың ізбасарлары қолдау көрсеткен басты мақсат – 2020 жылға қарай жан-жақты дамыған орташа ауқаттылық қоғамын құру [1].

Қытай басшылығының әлеуметтік маңызды мәселелерге бетбұрысы және оларды қазір болмаса да жақын болашақта шешуге ұмтылысы; жемқорлық жаппай күрес және жемқорларды, олардың ішінде саяси тап өкілдері де бар, тіпті кейбіреулері билік пирамидасының жоғарғы жағында тұрғанына қарамастан қатаң жазалау; саяси таптың іріп-шіруімен күрес және ҚКП-ның жағымды имиджін қалыпқа келтіруге тырысу; қытайлықтардың ұлттық мақтанышын көтеретін және өткір ішкі мәселелерді жауып қалып отырған ҚХР-ның халықаралық беделінің артуы, міне осының барлығы әзірше Қытайды әлеуметтік жарылыстан сақтап және ҚКП-ның билік партиясы болып қалуына жол беріп отыр.

Дегенмен жеткен жетістіктерге қарамастан, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу жылдан жылға қиындап барады.

Бір ақылға сыймайтындығы, Қытай қарқынды дамыған сайын бұл мәселелер көбейе түсуде және олар барынша өткір болып барады. Міне сондықтан да, қытай басшыларының «бесінші буыны» өздерінің бағдарламасын жасамас бұрын, Қытайдың мәселелерін және өздеріне қалдырылған мұраны жан-жақты жақсылап сараптап, саралап алғаны дұрыс секілді.

Қытай кезекті кезеңдік уақыттан өтті-қытай басшыларының «төртінші буынының» орнына «бесінші буын» билікке келді. Қазірше жаңа биліктегілер өздерін толыққанды көрсетпесе де, Қытай дамуының жаңа дәуірінің басталғанына әлем жұртшылығы куә болып отыр.

Бұл кезеңнің қалай сипатталатынын және жаңа басшылықтың Қытайды қайда бастайтынын қазірге кесіп айту қиын, өйткені «бесінші ұрпақтың» саяси бағдары әлі толық айқындалған жоқ. Әзірге тек үлкен сенімділікпен болжауды жаңа биліктің алғашқы бес жылы туралы ғана айтуға болады, бұл аралықта олардың «Ху-Вэнь» (Ху Цзинтао мен Вэнь Цзябао) тобынан мұраға қалған «12-бесжылдық жоспар» мен «Жол картасы» белгілеген бағытпен жүретіні сөзсіз. Шындығында да «Ху-Вэнь» тандемінің саяси және экономикалық бағдары «төртінші буын» басшыларына Қытайды әлемдік көшбасшыға айналдырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ең бастысы оны әлеуметтік және саяси күйзелістерге ұрындырған жоқ. Мұны жасау оңай болған жоқ. Ресей қытайтанушысы Я.М.Бергердің айтуы бойынша, Қытай бір партияның немесе оның жетекшілерінің толық құзырындағы авторитарлық билікке бағынады деген түсінік өте қарапайым. Іс жүзінде ел дамуына қатысты шешуші мәселелер бойынша шешім қабылдауда және оларды жүзеге асыру барысында көптеген кедергілер кездеседі, мысалы билікке жақын бизнес-элитаның пайдакүнемдік сақсаттарын айтуға болады [2].

ҚХР билігі ел болашағы үшін алаңдамаушылық және сенімділік танытқан кейіпте болғанымен, шындығында әлеуметтік-саяси жағдай толығымен тұрақты емес. Бұған жиілеп кеткен әлеуметтік қарсылық акциялары және ұлттық аудандардағы жағдайдың шиеленісуі, сондай-ақ ҚХР жоғарғы билігіндегі 2012 жылдың наурызында көрініс тапқан және әлі күнге толық шешілмеген дағдарысты дәлел бола алады. Осы дағдарыстан шығу және ең болмағанда партия қатарындағы бірлікке қол жеткізу–қытай басшыларының «бесінші буынының» алдында тұрған кезек күттірмес міндеттердің бірі.

Екінші өзекті міндет – Қытайдың тұрақты дамуының шарттарын қамтамасыз ету. Соңғы 35 жыл бойына жүргізіліп келген, арзан жұмыс күші, экспорт және шетелдік инвестицияға негізделген экономикалық үлгі өз міндетін атқарып болды. Мұны «төртінші ұрпақ» өкілдері де мойындап, ішкі тұтыну, инновация, инвестиция және экспортқа негізделген жаңа даму үлгісін ұсынған болатын. Экономикалық өсудің басты қозғаушы күші ретінде инновация мен ішкі тұтыну қарастырылды. Енді «бесінші буынның» міндеті–жаңа даму үлгісінің ҚХР тұрғындарының тұрмысының жақсаруына алып келуіне жағдай жасау. Ал мұны жүзеге асыру үшін табысты ұлғайтуға, сауатты салық саясатына және әлеуметтік сақтандырудың шынайы жүйесіне қол жеткізу қажет.

Үшінші өзекті міндет – елдегі әлеуметтік-саяси тұрақтылықты сақтау, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету мәселесін шешу және табыстағы өсіп отырған айырмашылықты қысқарту.

Қазіргі Қытайдағы ең бір өзекті әлеуметтік мәселе тұрғындардың едәуір бөлігінің реформалардың нәтижелеріне қанағаттанбауы. Көпшіліктің көкейінде жүрген сұрақ: социалистік даму жолында келе жатқан Қытайда неге социализм азайып барады; мүлктік және әлеуметтік теңсіздік азаюдың орынына көбейіп барады; кедейшілік мәселесінің шешілуі қиын, ал миллиардерлер мен миллионерлердің саны қарқынды артып барады; мемлекет жемқорлықпен және шенеуніктердің өзбілемдігімен күресіп жатыр, ал өмір көрсеткендей парақорлық пен шенеуніктердің ойына келгенін істеуі гүлденіп тұр; нәліктен социалистік Қытайда білім алу мен сапалы медициналық қызмет қарапайым адамдарға қолжетімді болмай тұр, ал 250 миллионнан астам жас шаруалар жұмыс іздеп қалаға сабылуда?

«Бесінші буынның» алдында бұрыннан өзекті болып келген үш мәселе тұр: билікке сенімнің азаюы, ҚКП-ның жағымды имиджінің төмендеуі және жемқорлықтың өсуі.

БХӨЖ-дың жыл сайынғы сессияларындағы Бас прокуратура мен Жоғарғы халық сотының есептері көрсетіп отырғандай, жемқорлық тәсілдеріне тартылған шенеуніктердің саны барған сайын артып барады. ҚКП қолданып отырған қатаң шаралар өз нәтижелерін бермей отыр. Билеуші тап арасында жеке бас мүддесі алдыңғы орында тұр. Партиялық тәртіп пен жемқорлықпен күрес оларды тежегенімен де, жағдайды түбегейлі өзгерте алмайды. Тіпті ҚХР үкіметі тарихында тұңғыш рет жемқор шенеуніктердің

әрекетіне қарсы қарсылық үлкен көлемге жеткен ауылдарда кезектен тыс сайлау өткізуге рұқсат берді.

Индивидуализмнің басымдылығы мен 1980-1990 жылдары әйгілі болған Дэн Сяопиннің жекелеген адамдар мен ұжымдардың басқалардан бұрын баюы мүмкін деген ұранын насихаттау, социализм идеяларын жоя бастаудың басы болды. Қазіргі уақытта ол идеалдарға ешкім сенбейді, мұны жүргізілген қоғамдық пікір сауалнамалары да, ҚКП құрамынан шығушылардың барған сайын арта түсуі де дәлелдейді. Соңғы отыз жылда ҚХР азаматтарының (әсіресе жастардың) дүниетанымы қатты өзгерді. Ұжымдық құндылықтар мен конфуцийшілдік мәдени дәстүрлердің орнына жеке құндылықтар мен соңғы жылдары қатты дәріптелген батыстық бұқаралық мәдениет элементтері келді[3].

«Бесінші буынның» алдындағы тағы бір үлкен мәселе-Қытайдың жаңа даму деңгейіне көтерілу қажеттігі және ҚХР тұрғындарының көне әлеуметтік жүйеде қалып отырғандығы. Экономикалық өсудің таңқаларлық қарқынын көрсете отырып, тұрғындардың әлеуметтік құрылымы жағынан Қытай қазіргі өлшемдер бойынша артта қалып отыр. Сарапшылардың ойынша бұл ҚХР-ның ең осал тұсы. Дамымаған халықтық әлеуметтік жүйесі ҚХР-ның таяу және жақын болашақта ақпараттық державаға айналуының басты кедергісі болып табылады.

Қытайдың жаңа басшылығы осы мәселелерді қалай шешеді, сыртқы және ішкі саясатта өзін қалай көрсетеді, ең бастысы саяси дағдарысқа ұрынбай ма деген заңды сұрақ туындайды. Әрине «Ху-Вэнь» мұрасына сүйене отырып, жаңа басшылық «қытай арманын» жүзеге асыру үшін жаңа бағдар ұсынатын шығар. Жақын келешекте Қытайдың әлеуметтік-экономикалық және саяси бағыт-бағдары өзгертіні даусыз, және де соның бастауы Қытай Коммунистік Партиясының XVIII съезінен мәреге шықты.

Қытайды «бесінші буын» басшылары қай бағытта алып жүретіні, ең таяу және орташа мерзімдегі келешекте елде саяси күштердің қалай орналасатыны, жаңа басшылардың сыртқы саяси бағыты қандай болатыны және Қытайдың ғалами ойыншылармен және көрші елдермен қарым-қатынасы қалай қалыптасатыны туралы тұжырым жасауға әлі ертерек.

Бұл сұрақтарға «бесінші буын» билікке толық келгенде және қоғамға өзінің әрекет ететін бағдарламасын ұсынған кезде ғана жауап беру-

ге болады. Бұл 2017 жылдың күзінде ҚКП XIX съезінде болатын сияқты. Сол кезде ҚКП жоғары басқару органдарының орындары ауысады, 2018 жылдың наурызында «төртінші буын» өкілдері өздерінің орындарын және заң шығарушы билік басшылығын «бесінші буын» өкілдеріне береді.

Әзірге біз ізашарларының мәлімдемелерінен тек партиоттық пен ұлтшылдыққа жасайтын акцентінен басқа ерекшелігі жоқ ҚКП мен ҚХР-дың жаңа басшылығының мәлімдемесіне ғана сүйене аламыз. «Бесінші буын» қызметінің алғашқы жылдығы бірнеше айқын тенденцияны көрсетеді.

Біріншіден, «бесінші буын» ұғымы жаңа басшылыққа шартты түрде ғана қолданылады. Дұрысы, әңгіме биліктің буын алмасуы тұрғысынан да (мұнда буын сабақтастығының қытайлық спецификасы байқалса керек), жетекші зиялы топтар арасындағы консенсусқа жету тұрғысынан да әлдебір кадрлық ымыра туралы болып отырса керек.

Қол жеткізген ымыра тұрақсыз. Сондықтан ҚХР-сын жақын арадағы бес жыл ішінде ішкі саяси таптың өткір саяси күресі күтетіндігін үлкен сенімділікпен айтуға болады, оны бірқатар жағдайлар, соның ішінде Си Цзиньпин бастаған «сыбайлас жемқорлықпен және іріткі салумен батыл күрес», сондай-ақ «Бо Силайдың ісіндегі» келешектің болжамсыздығы шиеленістіре түсуі мүмкін.

Екіншіден, егер кадр мәселесі бойынша биліктегі топтар таяудағы бес жылға өзара келісім жасаған болса, онда «бесінші буын» басшыларының қай бағытта қозғалатындығы, олардың Қытайды әлеуметтік және ұлтаралық қайшылықтардың көбейе түсуінен сақтай алатын-алмайтындығы, ең бастысы – саяси дағдарыстан ұстап қала алатын-алмайтындығы әзірше түбегейлі анықтала қойған жоқ.

Көп нәрсе «бесінші буын» басшыларының ұстанған бағытына, олардың өз ізашарларының жетістігін қайталай алатын-алмайтындығына байланысты болады. Қытай бір бөлігі шұғыл шешімді талап ететін көптеген проблемалардың алдында тұр, бұған 2013 жылдың ХӨЖЖ және ХСКК сессиясының материалдары да, қытайлық жетекші сарапшыларының қытай баспасөз беттеріндегі және Интернеттегі баяндамалары да дәлел бола алады. Бұл жөнінде белең алып отырған жаппай наразылық акциялары, сондай-ақ қытай саяси тобындағы «жалаңаш шенеуніктер» санының шапшаң өсуі айтады.

Үшіншіден, таяудағы бес жыл ішінде «бесінші буын» «12-ші бесжылдық жоспарында» және «Ху-Ван» тандемі мұра етіп қалдырған «Жол картасында» көрсетілген бағытта жылжи бастайтынын үлкен сеніммен айтуға болады. Онда кейбір түзетулер енгізілетіні сөзсіз, дегенмен, олар түбегейлі мінез-құлық бола қоймас. Бұл дүниежүзілік рыноктағы және халықаралық қарым-қатынастардағы жағдайлардың өзгерісіне деген әсер қандай болса, Қытай ішіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді өзекті етуге әсері де сондай болмақ [4].

«Ху-Вэнь» тандемінің «Жол картасында» баяндалған принциптермен жүру өзінің тиімділігін дәлелдеп қойған. Оларды жақсы өмірден қарулануға алған жоқ, олардың көпшілігінің баламасы жоқ. Басқа сауал, «бесінші буын» үшін олар қаншалықты тиімді болар екен және елді әлеуметтік күйзелістен, ал ҚКП толығымен ыдырап кетуден ұстап қалу үшін жемісті әрекет ете алар ма екен? Алайда, осы принциптерді ұстану өмірлік қажеттілік екеніне күмән жоқ. Шамамы «бесінші буынның» әзірге өз «Жол картасы» жоқ.

Төртіншіден, жақын арада ҚКП позитивті беделін нығайтуға және сыбайлас жемқорлықпен күреске басты акцент жасалады деп әбден күтуге болады. Қандай жағдайда болса да, жаңа қытай басшылығының барлық көпшілік алдындағы баяндамалары дәл осыған көз жеткізеді.

Екінші бағыт – реформалардың әлеуметтік жағына назарын күшейту және халық арасындағы бай мен кедей қоғамының арасындағы алшақтық деңгейін қысқарту. Әрине, әңгіме «теңгерімшілдікке» қайтып оралу жөнінде емес. Ең дұрысы, шенеуніктердің заңға қайшы баюы мүмкіндіктерін түбірімен құрту және шенеуніктер аппаратының табысы мен шығынын ресми мәлімдеу ережелерін қатаң ету жөнінде шаралар қолданы-

латын болады. Си Цзиньпиннің бастаған «сыбайлас жемқорлықпен және іріктіштікпен күрестің» тиімділігін дәлелдейтін басқа жолы жоқ.

Бесіншіден, жаңа басшылық өзінің саясатында үстем болатын қытай социумындағы беталысты есепке алуға мәжбүр болады. Соның бірі-Қытайдың күшейтілген тұтас күш-қуаты салдарынан хань ұлтшылдығын күшейту, сондай-ақ оның ұстанымын халықаралық аренада нығайту. Бұл жаңа басшылықтың ішкі және сыртқы саяси бағыты осы беталыспен өзара байланыста болады және Қытай күш-қуаты мен қытай ұлтының ұлылығының қайта өркендеуі басты мәселенің шешіміне бағыт көрсететін болады дегенді білдіреді.

Мұның еш қорқынышы және айрықша жаңалығы жоқ. Соңғы 30 жыл ішінде Қытай дәл осы бағытта дамыды, бірақ бұл ұранды ашық жарнамалаған жоқ. Қазір, шамасы жағдай өзгерген сияқты, сонымен қатар жаңа басшылық «қылышты қынабында ұстау» қажет деп есептемегендіктен, өздерінің мақсаттарын ашық түрде ресми мәлімдейді.

Осы жағдай жаңа басшылықтың сыртқы саясаты қатал және сындарлы болады дегенді білдіреді, дегенмен «нәзік күш» элементтері де арта түседі. Айтпақшы, мұны Қытайға әлемді естуге, ал әлемге Қытайды түсінуге әрі естуге үндеген Си Цзиньпин тұспалдап қойған болатын.

Ал біздің аймаққа қатысты, «Ху-Вэнь» тандемі жүргізіп отырған саясат Қазақстан мен Орта Азия қарым-қатынасына «бесінші буын» жетекшілерімен де жалғасын табады деп ойлаймын. Оған бір өзгеріс енгізуге негіздеме жоқ. Қытайдың Орталық Азиямен проблемалы алаңы өзгермегендей, жаңа басшылықтың келуімен де Қытайдың аймаққа деген көзқарасы өзгерген жоқ.

Әдебиеттер

- 1 Галенович Ю.М. Девиз Ху Цзиньтао: социальная гармония в Китае. –М.: Памятники исторической мысли, 2006. 358-359-б.
- 2 Бергер Я.М. Перспективы политических реформ в Китае// Подъем Китая: значение для глобальной и региональной стабильности. – М.: Рубежи XXI, 2007. – 35-б.
- 3 Китай: угрозы, риски, вызовы развитию/ Под ред. В.Михеева. –М.: Московский Центр Карнеги, 2005. – 79-б.
- 4 Сыроежкин К.Л. Наследие тандема «Ху-Вэнь» и «пятое поколение» китайский руководителей. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2013.

References

- 1 Galenovich Y.M. Deviz Hu Thintao: socialnaya garmonya v Kitae. –M.: Pamyatniki istoricheskoy mysly, 2006. 358-359-b.
- 2 Berger Y.M. Perspektivi politicheskikh reform v Kitae// Podiem Kitaya: znachenye dlya globalnoy i regionalnoi stabilnosti. – M.: Rubeji XXI, 2007. – 35-b.
- 3 Kitay: ugrozy, risky, vizovy razvitiy/ Pod red. V.Miheeva. –M.: Moskovsky Centr Karnegy, 2005. – 79-b.
- 4 Syroejkin K.L. Nasledye tandema «Hu-Ven» i «pyatoe pokolenye» kitaiskih rukovoditeley. – Almaty: KISI pri Prezidente RK. 2013.